

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Абай институты <http://abai.kaznu.kz/>  
Менің университетім <http://abai.kaznu.kz/?p=1867>

Жанғара Дәдебаев,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

## ӘУЕЗОВ АУДИТОРИЯСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Әуезов аудиториясы. Оқу жылының бірінші күні. Бірінші сабақ. Мінберге көтерілген ұстаз лекциясын бастап кетті...

«Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі орын сирек. Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты. Бұл аз. Университет – елдің есеюі.

Қазақ университетінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айырықша бір аяулы жайы бар: заманымыздың ұлы жазушысы Әуезов Мұхтардың жарты ғұмыры осында өтті.

Қазақ университетінде біз де оқыдық. Бірақ, біздің бүгінгі шәкірттерден бір айырмамыз, аздап мақтаныңқырап айтсам, артықшылығымыз – Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдағанымыз дер едім.

Несін айтасыз, ғажап еді ғой!...»

Келіскен бітімді, шашы бурыл тарта бастаған, жігіт тұлғалы сергек ұстаздың жарқын жүзі мен жазық маңдайынан да, аялы жанарынан да ерекше бір жылылық, сондай-ақ ішкі нұрдың, кісілік парасат нұрының жайма шуақ жайлы сәулесі таралады. Ұстаз аузынан шығатын әр сөз сылдырсыз, сыңғыр қаққан күміс үндерден ғана түзілгендей ерекше әуезді естіледі.

Ұстаз ұлттық университет, ұлттық университеттің кемел профессоры Мұхтар Омарханұлы Әуезов туралы айтты. Лектордың үнінде де, сөзінде де, мәнерінде де осы екі ұлыға, университет пен Әуезовке, деген шексіз құрмет, сүйіспеншілік бар.

Лекция мазмұнының маңыздылығы мен байлығынан болды ма немесе бір ой, бір сезім астасып келіп отырған әсерлілігі мен тереңдігінен болды ма – университет қабырғасына оқуға қабылданғанымызға, университетте білім алатынымызға сонда бәріміз де іштей тебіреніп, мейірленіп отырдық.

Бар ынта-ықыласымыз, назарымыз алдымызда сөйлеп тұрған кісиде.

Лектор сөзі біздің көз алдымызға ғұлама ұстаз Мұхтар Әуезовтің тұлғасын елестетті. Ұстаз сөзінен туған әсер құшағында отырып, әлгі елеске бек құрметпен қарадық: ұлы жазушы, шынында да, «баппен аяндап, жарқыраған кең маңдайын кере ойланып» келе жататын сияқты...

Лектор біздің университетті бітіргенде алып шығатын біліктілігіміздің жайына ойысты да, бұл орайдағы ойларын тағы Әуезов ұлағатымен ұштастырды.

«Сөз өнерінің інжу-маржаны, қазақ әдебиетінің шыңы, Шекспир мен Гете, Достоевский мен Толстой, Горький мен Шолохов шығармалары секілді бүкіл әлемдік классикаға айтулы үлес боп қосылған “Абай” эпопеясын туғызған Әуезов Мұхтар өзінің ұстаздық ісін көркем сөз ұстасы ретіндегі суреткерлік қызметімен қатар қоймаса, төмен қоймайтын.

- Ұстаздық – ұлы нәрсе! – дейтін ол».

Университет, оның ғұлама ұстазы Мұхтар Әуезов, өзіміздің болашақ кәсібіміз секілді үш асылды түгелдей өзімізге тән деп ұқтық па, әлде осы үш асылдың қадіріне жетуді парыз тұттық па, аудиториядағы елу бала сабақ аяқталып, ұстаз мінберден түсіп, аудиториядан шығып кеткеннен кейін де, едәуір уақыт үн-түнсіз, өзімізбен-өзіміз қалған едік.

Сабақтан алған білім мен әсерімізді өз бойымызға әлі де толық сіңіре қоймай, толқулы отырған сәтіміз еді бұл. Көңіліміздің бір аймағын удай ашытып тұрған «Әттеген-ай, Әуезовтен оқи алмай қалғанымыз-ай» дегендей алаңдаулы күйіміз де бар. Алдымыздағы бір сөзінен бір сөзі озып, бір ойынан екінші ойы асып түсіп жатқан өнерпаздың өзі: «Мұхандай шешен адамды өз басым ғұмырымда көріп-білген емеспін. Мінберде, не кафедрада күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді», – деп, өзі де сөзін бірде бұлақтай мөлдіретіп, бірде гүлдей үлбіретіп толғап, шын тебіреніп тұрғанда, қалай өкінбейік.

Иә, сонда, университет аудиториясында алғаш алған сабағымыз үстінде, көңілімізге лектор құйып беріп кеткен жарық бір сезімнің нұрымен балқып отырып, қуана отырып, біз осылайша өкінгендей едік.

Бізді қуантып, қуанта отырып өкінгендей күйге түсірген ұстаз сол кезде қырықтың қырқасына шыққанына көп бола қоймаған Зейнолла Қабдолов еді. Одан бері де Зекең бізге «Әдебиеттану ғылымының негіздері», «Әдебиет теориясы» пәндерінен лекция оқыды. «М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясы», «Жазушы шеберлігі» атты арнаулы теориялық курс жүргізді. Ұстаздың лекторлық шеберлігінің кейбір сырларына сол тұстарда ғана қаныға бастадық. Көркем әдебиет жайын айта ма, әдеби шығарма сырын таныта ма, әдеби процесс тереңіне тарта ма – аталған салалардың қай бабын барлағанда да, лектор өз пікірін, теориялық толғамдарын логикалық тұрғыда жеткізе дәлелдеп қана қоймай, ұсынар ойын шәкірттерінің алдына жанды суретке айналдырып, үкілеп алып шығып, сана мен сезімге қатар от берер еді. Сол сабақтардың қай-қайсысында да ұстаз біздің елу баланың ақыл-ойын, түйсік-сезімін тұтас баурап, аудиторияны қалауынша билеп алып кетуші еді. Әуелдегі “Әттегене-ай, Әуезовтен оқи алмай қалғанымыз-ай” деген өкінішіміз де сейіле бастап, оның орнын Зейнолла Қабдоловтың әр сабағынан жаңа мазмұн, жаңа әсер тауып, серпіле беретін тебіреністі күй алды.

Ұстаз лекциясының мұншалықты бағындырушы, билеп-төстеуші, сонымен қатар баурап алушы құпия қуатының сырын білуге ықыласымыз ауып, кей күндері сабаққа сыншы, бақылаушы көзімен қарауға бекініп келіп жүрдік. Бірақ лекция бастала бере-ақ, бақылағыштығымыз, сыншылдығымыз жайына қалып, бар ықылас-ынтамызбен маңыз бен мәнге, сыр мен сезімге толы бір әсем әлемге, әдебиет әлеміне, еніп кете барар едік. Ұстаз бұл ерекше

әлемді аудиторияға өзімен бірге ала келе ме немесе аудиторияның өзін сол әлемге алып кете ме – оны тап басып, дәл айту қиын болатын. Мұндайда бақылаушы, сарапшы болып отыру мүмкін емес-ті. Кейін аңғарсақ, студенттерді таң қылып, табындырып алатын әдебиет те, оның ғажайып әлеміндегі абзал арман, асыл мұрат та, ойдың биіктігі мен сезімнің тазалығы да аудиторияға ұстаздың өзімен бірге келеді екен. Зекеңнің сабағының әдебиеттің өзіне, сөз өнерінің өзіндей әдемі, әсем, сырлы да нұрлы әлемге айналып кету сыры осында екен...

Оқу жылының басы. Күз. Зекең кафедра мүшелерінің бірнешеуін лекциясына алып барды. Зекеңнің лекциясын Әуезов аудиториясында қайта тыңдап отырмын. Бұл жолы бұрынғыдай студент емес, филология ғылымдарының докторы, профессормын. Бірақ, Зекең сабағын бастай бере-ақ баяғы балдай күйіме қайта түскендеймін...

Бұл екі арада ұстаз ғылым саласында, ұстаздық және жазушылық қызметі аясында айтарлықтай үлкен табыстарға жетті. “Әдебиеттану ғылымдарының негіздері” атты жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық жазып шығарды. Бұл оқулық “Сөз өнері” деген атпен толықтырылып, өңделіп бірнеше рет басылып шыққанына қарамастан, оған деген сұраныс өте жоғары. “Жебе”, “Әуезовтің әсемдік әлемі”, “Арна”, “Көзқарас” секілді бірнеше монографиялық зерттеу еңбектер жариялады. Таңдамалы шығармаларының екі томдығын да жұртшылық жамырай таратып алып кетті. Жанры да, жарығы да бөлекше роман-эссе “Менің Әуезовім” жазып, баспадан шығарды. Жоғары мектептегі қызметінде де үздік жетістіктерге ие болды. Бірнеше ондаған ғылым кандидаттары мен докторларын дайындады. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының ғылымы мен мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер құрметті атағына ие болды. Әдеби көркем шығармалары әлем халықтары тілдеріне аударылды. “Құрмет белгісі”, “Халықтар достығы”, “Парасат” ордендерімен марапатталды. Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы...

Университеттің еңселі, кең, жарыққа толы Әуезов аудиториясында шәкірттер иін тіресіп отыр. Мінберде – академик Зейнолла Қабдолов. Зейнолла Қабдоловтың оң жағында биік тұғырда, маңдайы жарқырап М.Әуезовтің өзі тұр. Лекция жазушы еңбегінің ерекшелігі, оның өмір шындығынан өнер шындығын жасау шеберлігі жайында.

Лектор лекция тақырыбына қатысты, әлемдік эстетикадағы арғы дәуірден, Аристотельден бермен қарайғы қадау-қадау теориялық қағидалар мен көне және одан кейінгі замандағы дүниежүзілік классикалық өнер ескерткіштерін өзара өзектес, кейде сатылап, кейде қатар таратып айтып келеді. Әуелгіде әр келкі қалыпта отырған студенттер бірте-бірте еңселерін тіктеп, көзімен де, көңілімен де ұстаздарының сөзін бағып қалған. Лектор “Шегірен былғарыны” Бальзак бастан-аяқ қайта жазғандай, тоғыз рет адам танығысыз өзгеріске ұшыратса, Гоголь «Өлі жандардың» екінші кітабын қолжазба күйінде отқа жағып жіберіп, бастан-аяқ қайта жазғанын, ал “Ревизорын” бес рет өндегенін, Флобер “Иродиадасын” он рет, Горький

“Анасын” алты рет түбегейлі өзгертіп, жетілген үстіне жетілдіре білгенін толғай келіп, тыңдаушыларын әдеби шығарманың алуан түрлі прототиптері мен типтерінің арасына алып барды, одан әрі жазушы лабораториясына, жазушы творчествосының психологиясына тереңдей бастады. Жазушы еңбегінің психологиясы мен жазушының жұмыс тәртібі туралы ойлар өзара тоғысып, сабақтаса бергенде, студенттер таңданулы күйде, толқып отырған еді. Қайсыбір жазушылардың жазу дағдысы, әсіресе, кейбір қаламгерлердің өз бөлмесіне өзін қамап қойып жазу әдеті, енді біреулерінің өз кейіпкерімен өзі сөйлесіп, ой таластыруы, ал Г.Флобердің Бовари ханымның у ішіп уланып өлген сәтін суреттеп отырып өзінің де уланып қалғаны, дәрігердің көмегімен ес жиғаны студенттер үшін тосын, тіпті шектен шыққандай ерекше қылық еді. Осы секілді жазушы еңбегінің шетсіз де шексіз, ғұмырының өн бойында, сөз өнеріне тұңғыш ден қою сәтінен соңғы демі таусылғанға дейін, толассыз созылып жататын қиын да күрделі әрі құпия сырға бай тұңғығы туралы жүректен қозғаған сөз тұтас аудиторияның ойын оятып, сезімін серпіп салған. Қай тұстарда ұстаздың қызып, жанып айтқан ойлары тыңдаушысын да жалынша лаулатып, ақылын алқынттып, жүрегін еңтіктергендей. Сөйтіп отырғанда, студенттер ортасында бір ерке мінезді қыз жазушыларға жаны ашып:

- Ағай, жазушы болу, жақсы жазу деген сонша қиын екен, өйтіп өліп-өшіп азап шеккенше, жазбай-ақ қоюға болмай ма? – деп, жазушы еңбегінің азабы мен бейнеті жанына батқандай болып еді.

Студенттің сұрағына берілген жауап жазушы еңбегінің тағы бір қырын ашып берді. Студенттердің көпшілігінің ұғымынша, жазушы өз шығармасын жазуға мүмкіншілігі болған уақытта жазатын сияқтанатын. Ұстаз сөзіне баққанда, олай емес екен. Лектордың айтуына қарағанда, нағыз қаламгер қашан жазбауға мүмкіндігі болмаса, сол уақытта жазатын болып шықты. Нағыз өнер туындысы да өмірге осылай келмек екен...

Ұстаз қорытынды пікірлерін К.Паустовскийдің “Алтын роза” повесіне сүйеніп түйіндеді. Студенттерді, әсіресе, Шәметтің алтын роза туралы арманға, бақытты аңсауға толы аңызы мен оны жасау жолындағы бейнеті ерекше толқытқан-ды.

Шәмет мексикан соғысында қатты ауруға шалдығады. Полк командирі әйелі қайтыс болған кісі екен, сегіз жасар кішкентай қызы Сюзаннаны өзімен бірге алып жүріпті. Полк соғыс жағдайында тұрған соң, командир әскерден денсаулығына байланысты босатылған Шәметке Сюзаннаны елдегі қарындасының қолына тапсыруды аманат етеді.

Шәмет жол бойы кеме үстінде Сюзаннаның көңілін жұбатып, түрлі әңгімелер айтады. Сол әңгімелердің ішінде алтын роза туралы аңызды Сюзанна ұйып тыңдайды. Саф алтыннан жасалған роза гүлінің дүниеде өте сирек кездесетіні, алтын розасы бар үйде бақ-дәулет, құт-береке болатыны, үйдің адамдары да, алтын розаны қолына ұстап көргендер де, тіпті оған саусағының ұшын тигізген жан да мұратына жететіні, бағы ашылатыны туралы ой желісі Сюзаннаға қатты әсер етеді. Шәмет аман-есен елге жетіп, командирінің қарындасына Сюзаннаны өз қолымен тапсырады.

Әскерден босанып, Парижге келген Шәмет қартайғанша қайыршылық жағдайында күн кешеді. Күндердің күнінде Шәмет кенеттен Сюзаннамен бетпе-бет кездесіп қалады. Сюзанна әкесінің көзін көрген Шәметтің хәлін біліп, өз жайын айта отырып, бала кезінде естіген аңызды есіне алады. Қоштасарда: «Маған бір жан алтын роза сыйға тартса ғой... Мұратыма жетер ме едім. Сенің кемеде айтқан аңыз-әңгімең әлі есімде», - деп қамығады.

Сюзаннаның әңгімесі Шәмет қарттың көңілін толқытады. Ол енді қалған өмірінде Сюзанна қыздың мұратына жетуіне жол ашатын алтын роза жасауға бел буады. Зергерлік шеберханалардың күні бойы жиналған шаң-тозаңын қоқсық жинайтын қорапқа тастамай, лашығына таси бастады. Сол шаң-тозаңның арасынан күн сайын алтын ұнтағының түйірін іздейді. Ақыры, осы жолмен жылдар бойы жинаған алтын ұнтақтарынан Шәмет бейбақ арман еткен алтын розасына жетіп тынды. Алтын роза жан-жағына шаттық нұрын шашып, жайнап тұрды. Шәмет алтын розаны тапсырмақ болып Сюзаннаны іздейді. Сюзаннаның шетелге біржола кетіп қалғаны белгілі болады. Шәмет енді алтын розаны жастығының астына қояды, басын жастыққа қояды. Көзі ілініп кетеді. Өмір қажытқан қарт солдат оянбайды.

Шәметтің алтын розасының жасалу тарихының қысқаша сипаттамасы лекцияда осындай еді.

Ұстаз Шәметтің алтын розасының жасалуы мен шынайы әдеби шығарманың дүниеге келу сыры арасында жақындық барына нұсқады. Біреулердің жұртты қызықтырудың жөні осы деп, қай-қайдағы бір кездейсоқ, күтпеген құбылыстарды іздеп тауып, оқырманды не көрерменді міндетті түрде таңдантудың не күлдірудің тәсілін ойлап тауып, шаң-тозаңы бұрқыраған әлдеқалай бытпылдықты бірдеңелерді қолдан жасап әлекке түсетіндігіне реніш танытты да, К.Паустовскийдің “Алтын розасына” қайта оралды. Жазушының болмыстағы шындық құбылыстардың қалың тобынан жасығын емес, асылын ғана таңдап, талғап алуы, сөйтіп жазатын көркем шығармасына тек соны ғана арқау етуі туралы теориялық ойын тиянақтады.

Алтын роза туралы толғаныстар арқылы лектор студенттердің жаңа теориялық ұғымдарды толық игеруін қамтамасыз етумен бірге, олардың әдемі арман-тілектерін де тербетіп жіберіп, барша жұртқа ерекше бір аңсаулы, ынтызар күй, тебіренулі хал кештіріп қойған болатын. Сол сәтте аудиторияның жүрек лүпілін ұғып, оның жүзіне алаулап шыға келген алқызыл нұрға көзі түскен жан әр студенттің көкірек көзінде бір-бір алқызыл раушан гүлі ырғалып тұрғанын сезер еді.

Аудиториядағы әр студенттің көкірек көзінде ырғалып тұрған алқызыл раушан гүлін мен «Жүректегі гүл» деп атадым. Кейінірек «Қабдоловтың алқызыл асыл раушаны», «Менің университетім», «Әуезов аудиториясы», «Ұстаз», «Прометей оты» дедім. Әрине, мәселе атта немесе атауда емес, оған негіз болған қасиетте, аудиторияның жүзінде алаулап тұрған алқызыл нұрдың мәнісінде еді.

Аудиторияның жүзінде алаулап тұрған алқызыл нұр, бәлкім, ұстаз сабағындағы ой мен сезім тереңдігінен, парасат биіктігі мен пайым кеңдігінен туатын болар. Немесе лекция жүйесіндегі жалпы мен жалқының,

дәлелділік пен бейнеліліктің, ғылым мен өнердің тоғысуы мен табысуынан жасалар... Шәкірт көңілінен әлгіндей раушан гүлдетуге ұстаз, мүмкін, күнінің нұры мен түнінің тыныштығын, көктемнің қызуы мен жазының жарығын, бойы мен ойындағы бар қуат-күші мен қабілет-мүмкіндігін, әйтеуір жаны мен жүрегіндегі, ары мен тәніндегі бар асылын, бүкіл ғұмырын арнау, зейнетінен бейнеті мол толассыз еңбегін түгел жұмсау арқылы барып жететін болар... Оның бәрін саралап, сараптап шығуға сананың сарабдал саралығы да, сезімнің үлп етпе мөлдірлігі мен сергектігі де жеткіліксіз. Қабдоловтың алқызыл раушанының жайқалу сырын сол тұста терең танымағанмен, соның өзін, алқызыл раушанның әр көкіректе жайқалып тұрғанын көрудің өзі-ақ көңілге керемет бір нұрлы шуақ таратар еді.

Университет профессоры, сөз өнерінің ұстасы, әдебиеттің тарихы мен теориясының терең білгірі, ғұлама ұстаз әр сабағында шәкірттеріне көл-көсір білім беріп, ақыл-ойын байытумен бірге олардың сезімін де аялап, тербетуші еді. Бір кездері М.Әуезовтің лекциясын тындап отырғанда қандай күйге түсіп, қалай толқыған болса, енді аудиториядағы әр шәкіртті абзал арман, асыл мұрат шуағына өзі бөлеп, білім нұрының құшағында өзі балқытатын, кісілік пен ізгіліктің кіршіксіз, әсем әлеміне өзі алып шығатын болды. Ұстаздың әр сөзі үлгіге, әр ойы өнегеге айналды. Мұндай биікке шығып, мұндай қасиет тапқан жан, біздің білуімізше, тарихта өте сирек.

Ғұлама ұстаз болу университет аудиториясында даналардың сөзін теріп айту немесе тоқтаусыз тасып сөйлеу емес. Ол шексіз білім мен шетсіз шешендіктің, телегейдей терең ой мен парлаған парасаттың, асыл адамдық пен нағыз азаматтықтың өзара балқып тоғысқан, сөйтіп біртұтас толық қасиетке айналған тереңінде ғана бойға бітіп, ойға қонады. Табиғаттан асқан жомарт жоқ. Бірақ ол мұндай нағыз ғұлама ұстаз қасиетін өмірде ілуде біреудің ғана басына береді. Ондай баста баққа бергісіз дарқан дарын, асқан талант болады. Біздің заманымызда мұндай айрықша, бүтін болмысты бір ұстаз-ғұлама болса, ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болуы мүмкін еді.

Зейнолла Қабдоловтың қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде басталған және жарты ғасырдан астам уақыт бойы сонда жалғасқан ұстаздық және шығармашылық еңбек жолы мазмұнды да мағыналы, жемісті де жеңісті, қалың қазақтың кісісі мен кішісі бірдей ғибрат тұтатын, үлгілі де өнегелі, жарық пен сәулеге, нұр мен сырға бай базарлы да баянды жол болды. Осы жолда Зекең албырт ассистенттен парасатты профессорға дейін, балаң байым белесінен ғұлама ғалым, дана тұлға тұғырына дейін өсіп-өркендеді, балапан қауырсынды талапкерден қыран қанатты Халық жазушысы биігіне дейін шырқады. Бұл жол Зекеңнің өзі үшін ғана емес, Қазақстан жоғары мектебі, Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстанның ғылымы мен білімі, әдебиеті мен өнері үшін де аса арналы, табысты да ағысты, жемісті де жеңісті ұлы даңғылға айналды. Бұл даңғылда бүгінде Зекең тәрбиелеп шығарған ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен доценттер, қыруар ақын-жазушылар, ұстаздар, көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері шеру тартып келеді.

Зейнолла Қабдолов – ғалым, жазушы, ұстаз ретінде де өз творчествосында, ғылыми, көркем және оқытушылық қызметінде, парасаттылықты, суреткерлікті, шешендік өнер өрнегін интеллектуалдық бір ғана күрделі қасиетке айналдыра алған Қазақстан жоғары мектебінің дара тұлғалы, саңлақ ұстазы. Бұл орайда мақтау сөз, мадақ жырды қанша айтса да орынды. Бірақ біз олай етпедік. Зейнолла Қабдоловтың лекциясы туралы, оның өзінде Әуезов аудиториясында көре білгеніміз бен ести алғанымыз туралы ғана айттық. Ал ұстаз сабағының Әуезов аудиториясы атты білім мен білік телегейінің түбінде жатқан қазынасы, біздің көзіміз шалып, ойымыз танып болмаған асқар биігі мен тұңғыық тереңі туралы әңгіме басқа. Ұстаз ұлағатының берік тұғыры, нағыз негізі сол терең мен сол биікте.

Ұстаздың ұлттық университет аудиториясында оқыған әр дәрісіндегі ой мен пікірдің тереңдігі мөлдір сезім мен асыл сырдың жанға рахат теңдессіз тамаша самалымен толқындалып, тербеліп тұрушы еді. Университетте, аудиторияда өткен жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ұстаз алдынан көңілін аршып, жүрегін нұрға, ойын сырға толтырып, жанын байытып, қаншама жас қанат қақты, солардың көкірек-көзінде алауын маздатқан Қабдоловтың алқызыл асыл раушаны қанша рет қауызын жарып, жұпарын шашты, қаншама жастың сезімін аялады... Мұның шеті мен шегін табу қиын.

“Асылы, Жан-Жак Руссоның байлауы дұрыс, – дейді ұстаз. – Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық – ұлы нәрсе”.

Ұстаз лекциясын аяқтады... Бүгінде біз де осы бір қарапайым әрі ұлы шындықты айтатын болдық.

Ұстаздықтан асқан ұлы істі аспанның асты мен жердің үсті аралығынан табу қиын.

Ұстаздық ұлы нәрсе болғанда, ұлттық университет профессоры – сол ұлы істі атқарушы ұлы бейнет иесі.

Ұстаздың ісінің ұлылығы мен өзінің ұлылығы – бір-бірінен айырып алуға келмейтін, бір-бірімен біте қайнасқан, сөйтіп бірбүтін құбылысқа айналып кеткен ерекше қасиет.

Ісі ұлының өзі де ұлы. Адамның адамнан алатын, адамның адамға беретін сыйының асылы – білім. Адамның адамшылығының өзі оның адамнан алған және адамға берген білімінде.

Аспанның асты мен жердің үстінен ұстаздықтан, білім беруден асқан ұлы істі таңдау оңай емес, сол аспан мен сол жердің ортасында ұстаздан асқан ұлы тұлғаны табу да сондай қиын.

Ұлттық университеттегі ұстаздық - сырлы да нұрлы, қазыналы қымбат әлем.

Университет аудиториясы ұстаздың ақ алауын маздатқан қастерлі отанындай болғаны туралы айтсақ, артық емес. Өйткені ұстаздың өзі сол аудиторияда өніп, сол аудиторияда өсті, өркен жайды. Ұстаз күн сайын соны ойлап, соған асықты, жарықты содан алды, жылуды содан тапты. Сондықтан да халқының алдында: «Асылы, жер бетінде университет секілді қастерлі

орын сирек», – деп толғанды. Сөйте жүріп аудиториядағы мың сан жас буынның көкірегіне жарық берді, жан жылуын да соған төкті.

«Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты», – деген секілді отты ойды аудиторияда өзі де Прометей оты секілді маздап, шәкірттер зердесінде ұшқын атып, жалын шашып тұрған ұстаз айтуы керек еді. Ұстаз соны айтты, айтты да, маздап қана қоймай, лаулаған жалын жамылып, сол жалынды өсер өркеннің игілігі үшін білім мен ілім жарығына айналдырды.

Әл-Фарабидің айтуына қарағанда, қатардағы қарапайым адамдар пайымдыларды ақылды деп, ал пайымдағыштықты, пайымдылықты ақыл деп есептейді. Ол біреулердің пайымдағыш адамдарды дана деп атайтынына, ал даналықтың дүниеде бар үздік заттар туралы үздік білім екеніне назар аударады. Егерде үздік білім дегеніміздің өзі дүниедегі үздіктердің ең үздігі адам туралы үздік білім болмаса, онда оған даналық болу міндетті емес. Мұны да әл-Фараби айтады.

Әдебиет адамның, халықтың, адамзаттың ақыл-ойының, абыройының, ар-ожданының бейнеленуі екендігі, ал адамның, халықтың, адамзаттың ақыл-ойын, абыройын, ар-ожданын шынайы бейнелеу ардың ісі екендігі, әдебиеттанудың адамның ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы жайындағы ғылым екендігі, әдебиет пәнінің адамзаттың ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы жайындағы пән екендігі туралы қағидалар жүйесін Зейнолла Қабдолов негіздеді. Мен бұл жүйені Қабдолов *Зейнолланың заңы* деймін. Әдебиеттегі. Әдебиеттанудағы.

Зекеңнің заңы И.Кеплердің заңдарынан қымбат емес, И.Ньютонның заңдарындай өтімді емес. Бірақ бұл заң И.Кеплердің заңдарынан ардақты, И.Ньютонның заңдарынан аяулы.

Ұлттық университет – ғылым мен білімнің, кісілік пен ізгіліктің ұясы, ақыл-ой мен абыройдың, ар-ожданның ордасы.

Ұлттық университеттің аса мәртебелі, қасиетті аудиториясында білімге талпынысы, талабы бар, бірақ білімді түсінуге қабілеті жоқ жандар емес, білімге құштар және білімді түсінуге қабілетті шәкірттер ғана отырса жарасады.

Ұлттық университеттің шәкірттеріне өмірін ғылым мен білімге, кісілік пен ізгілік жолына арнаған жан ғана білім берсе болады.

Білім мен ғылымның ақ ордасының мінберіне тек Аспантаудың ақ қарындай аппақ, тап-таза ардың, Аспантаудың өзіндей аспанмен таласқан биік мұраттың адамдары ғана көтерілуге лайықты.

Елдің өркені сонда өспек, көптің көсегесі сонда көгермек.

Есімі ел аузында аңыз болып таралатын, ұлағаты, өмірлік өнегесі елінің, өсер өркенінің мерейін өсіретін, мақтанына айналатын жайсаң жандар мен тамаша таланттар, даралар мен даналар Ұлттық университеттен, Ұлттық университеттің ұлық аудиториясынан өніп шығады.